



ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ КҮНГЕЙІ МЕН ТЕРІСКЕЙІ

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ

Егер сіз қашықтан оқу мүмкіндігі интернет желісі арқылы пайда болды деп ойласаңыз, қатты қателесесіз. Бұл оқу форматы «Boston Gazette» газетінен бастау алады. 1728 жылы америкалық профессор Калев Филипс осы газетке әлемнің кез келген жеріндегі адамды хат алмасу арқылы стенография тәсіліне (ерекше шартты белгілермен ауыз екі сөзді тез жазу) баули алатынын мәлімдеп хабарландыру береді. Бұл қашықтан оқытудың алғашқы үлгісі болатын. Бұл форматта оқытудағы үлкен қадамды

Қазақстан Республикасында төтенше жағдай жарияланғаннан бастап мектептер қашықтан оқу жүйесіне көшіп, 2019-2020 оқу жылын осы жүйемен тәмамдағанын бәріміз білеміз. Сол кездің өзінде-ақ алдағы оқу жылында да мектептердің қашықтан оқытуды жалғастыратыны туралы біраз сөз қозғалып жатты. Бірақ оның бәрі қауесет еді. Ал бүгін сол сөз шындыққа айналып отыр. Біршама уақыт бұрын ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой 2020-2021 оқу жылының алғашқы тоқсанын қашықтан оқыту туралы мәселе көтерген. Осы сөздің ізін ала Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов еліміздегі оқушылар мен мұғалімдердің өмірі мен денсаулығының маңызды екенін алға тарта отырып, үкімет отырысында «...шалғайда орналасқан шағын жинақты мектептерді қоспағанда б 1 қыркүйектен бастап еліміздің барлық мектебіндегі 1-11-сынып оқушылары үшін оқу жылының алғашқы тоқсанын қашықтан оқыту форматында» өткізу туралы шешім қабылдады.

Яғни, 2020 жылдың алғашқы қоңырауы онлайн соғылып, еліміздегі басым көпшілік оқушы мұғалім алдына емес, экран алдына жиналмақ. Бұл шарасыздықтан қабылданған шешім оқушылардың білім деңгейіне қалай әсер етеді? Жалпы, қашықтан оқытудың тарихы қай ғасырға тіреледі? Қашықтан оқытудың күнгейі мен көлеңкелі тұстары қандай? Біз осы сауалдарға жауап іздеп көреміз.

ағылшын өнертапқышы, әрі стенография тәсілінің наваторы Исаак Питман жасады. Ол өз сабақтарын сұраушылардың барлығына хат арқылы таратып отырған.

Ч. Тусен және Г. Ланченштейдт атты Берлин университетінің оқытушылары әлемдегі бірінші қашықтан оқыту форматындағы институттың негізін қалаған. Бұл 1856 жыл еді. Оқу хат алмасу арқылы жүзеге асырылып, емтихандар да осы әдіспен тапсырылған.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы технологияның дамуы қашықтан оқытуды жеңілдетте түсті. Атап айтар болсақ, Пенсильвания мемлекеттік университеті 1922 жылы қашықтан оқыту форматына радионы енгізді. 1925 жылы Айова мемлекеттік университеті радио арқылы



5 жылдық оқыту курсына студенттер қабылдай бастаған. 1934 жылы осы университет радиода жеке білім беру арнасын ашты. Бұл радиоарна әлі күнге дейін жұмыс істейді.

Телевидениенің де пайда болуы қашықтан оқыту форматында революция жасап, 1950 жылдары АҚШ пен Еуропада телевизиялық курстар көбейе бастады. 1960 жылдары қашықтан оқыту бағдарламалары халықаралық сипат алып, ЮНЕСКО-ның қолдауымен қарқынды даму жолына түсті. 1969 жылы Англияда Ашық университет (Open University) ашылып, бүгінгі күні бұл оқу орнында 200 мыңнан аса студент оқиды.

1970 жылдары Калифорнияның «Coastline Community College» ұйымы колледж, университеттерге арнап білім беру фильмдерін түсіре бастады. Әрине, аталған ұйым бұл фильмдерді телеарналарға, университеттерге сатып отырды. Яғни 1970 жылдары қашықтан оқыту форматы бизнес деңгейіне көтерілген еді.

Компьютер мен интернеттің дүниеге келуі – қашықтан оқыту жүйесін тым жоғары деңгейге көтерді. Бұл деңгейдің алғашқы сатыларында студенттер онлайн режимде оқытушыдан сабақ алатын еді. Ал бүгінгі күні әлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындары онлайн оқытушыларды жасанды интеллектпен ауыстырып үлгерген.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ КҮНГЕЙІ

Журналымыздың алдыңғы санында «Қашықтан оқыту жүйесін қолдайсыз ба?» атты сауалнама жарық көрген болатын. Сауалнаманы жүргізіп,

журналымызға ұсынған Аяулым Мирханқызы атты бүлдіршін. Ол мұғалімдер мен оқушылардың барлық деңгейін қамтыған. Бастауыш, орта және бітіруші сыныптың мұғалімдері, оқушылары және жоғары оқу орнының студенттеріне дейін сауалнамаға қатысқан. Осы сауалнамадан бірнеше жарқын ойларды аңғардық. Яғни бірінші кезекте Қазақстандағы қашықтан оқыту жүйесінің күнгейін талдай отырып, соңыра жалпылай статистикаға тоқталмақпыз.

Біріншіден, еліміздегі оқушылар қашықтан оқу жүйесіне ауысқалы бері, ата-аналар мұғалімдердің ерен еңбегін бағалауды үйренді. Қоғамда оларға деген құрмет арта түсті.

Екіншіден, ата-ана мен балалардың арасы жақындай түсті. Бұрын жұмыстан қолы тимей, баласының сабақ үлгерімін анда-санда бір тексеріп: «Менің балам анау сабақтан неге нашар? Оқыта алмайсыз ба?» – деп мұғалімдерге дүрсе қоятын ата-аналар өз балаларының мүмкіндіктерін анық түсіне бастады. Сонымен қатар, өз баласының қандай салаға икемділігін анықтап, болашақ мамандығы жайында дұрыс бағытта ойлана бастады.

Үшіншіден, мектептердегі әлімжеттік мәселесіне нүкте қойылды.

Төртіншіден, ата-аналар балаларына мектеп формасын және оқуға қажетті көптеген құралдарды алу шығындарынан босады.

Бесіншіден, балалардың өзіне қызықты іспен айналысуға уақыты артты.

Ал әлемдік сарапшылардың сөзіне келер болсақ, қашықтан оқу жүйесінің бірнеше

артықшылықтары бар. Айта кету керек, бұл мәліметтер тек мектеп бағдарламасын мәжбүрлі түрде қашықтан оқытуға көшіру туралы емес жалпы онлайн курстар мен қашықтан оқу бағдарламалары туралы болмақ.

1. Бүгінгі онлайн курстардың сан-салалығы. Тіпті әлемде медициналық онлайн курстар да бар.

2. Оқу ақысының арзандығы. Оның себебі онлайн оқуға арнайы кеңсе, құрал-жабдықтардың қажеті жоқ. Сонымен қатар, сіз ол курстарға барып, жолға уақыт, жолақыға ақша жұмсамайсыз.

3. Қашықтан оқу кезінде негізгі жұмысыңызбен айналыса беруге мүмкіндік болады. Яғни оқу үшін жұмысыңыздан айырылмайсыз. Керісінше, онлайн курстардан арнайы сертификаттар алып, білігіңізді арттыру арқылы жұмысыңызда қызметтік өсуіңіз мүмкін.

4. Қашықтан оқу кезінде оқытушымен оқушы арасында жақын байланыс орнайды. Оның себебі оқушы сыныппен бірге отырған кезінде сұрауға, айтуға ұялған немесе қорыққан ойларын оқытушыға жеке айта алады. Осы тұрғыда көпшілік көзінше сөйлей алмайтын оқушылардың қашықтан оқу кезінде оқытушыға белгісіз қарлары ашылуы мүмкін.

5. Қашықтан оқу талаптарының жеңілдігін де осы тізімге қосуға болады. Мұнда адамның жасына, еліне, ұлтына және әлеуметтік мәртебесіне шектеу қойылмайды.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТЕРІСКЕЙІ

Аяулым Мирханқызының сауалнамасына сүйенер болсақ, сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі бұл жүйеге



көңілтолмастық танытады. Мұны еліміздің қашықтан оқу жүйесіне толықтай дайын еместігінен делік. Өйткені осы жүйе енгізіле салысымен WhatsApp желісінің чаттарында ата-аналардың жанайқайы естіле бастады. Бірі интернетім, бірі компьютерім жоқ деп мемлекеттен осы дүниелерді талап етіп жатты. Еліміздегі интернет жылдамдығының әлсіздігі де бұл мәселеге қосымша қиындық жүктеген еді. Жалпы әлемдік сарапшылар қашықтан оқудың төмендегідей кемшіліктерін алға тартады.

Бірінші, курсқа қатысушылардың көптігі. Бұл жалпы білім алушылардың бір деңгейде оқып шыға алмауын туғызады. Өйткені дәстүрлі оқу кезінде оқытушылар нашар оқитын оқушыларға баса назар аударып отырады.

Екінші, қашықтан оқу кезінде оқушыларға нашар оқуы мен сабаққа қатыспауына шара қолданылмайды. Осы кемшіліктен тағы бір кемшілік шығады. Статистикаға сүйенетін болсақ, онлайн курсқа жазылушылардың 90 пайызы курсты аяқтамайды. Мұны ғалымдар онлағы оқушылардың ештеңе жоғалтпайтынымен түсіндіреді.

Үшінші, қашықтан оқу форматын біршама оқу курстарына қолдануға болмайды. Мысалы, медициналық онлайн курстар болғанымен, бұл курстар медицинаның теориялық бөлігін оқытуға ғана қауқарлы. Ал нағыз медицина қызметкерлері теорияны тәжірибемен толықтыруы тиісті. Онсыз маман болу мүмкін емес. Сонымен қатар қашықтан оқу кезінде лабораториялық жұмыстарды да жасау мүмкін емес. Бұл қашықтан оқу жүйесінің басты

кемшілігі болса керек.

Еліміздегі жағдайға оралайық.

Біріншіден, қашықтан оқу негізі қалыптасқан бітіруші сыныптарға болмаса, әрқашан жаңа тақырыптарды оқуы керек төменгі, орта сынып оқушыларына қиындық тудырды. Әсіресе бастауыш сынып оқушылары қиын жағдайға қалып отыр. Өйткені бастауыш бағдарламасын оқытушының араласуынсыз балға ұғындыру мүмкін емес.

Екіншіден, еліміздегі көптеген елдімекен мен тіпті кейбір қалалардың өзіндегі интернет жылдамдығының төмендігі мен көпшілік оқушының компьютері болмағандықтан көп сабақтар WhatsApp желісі арқылы тапсырмалар мен ауызша түсіндіру тұрғысында ғана өткізілді. Видеосабақтарға көп халықтың қолы жетпейді. Яғни оқушылар ауызша сабақ айта алмады. Бұл өз кезегінде баланың тілдік даму жағынан ақсауына алып келері сөзсіз.

Үшіншіден, WhatsApp желісі арқылы келген тапсырмаларды балалардың қалай орындап жатқанынан оқытушылар хабарсыз. Осы тұрғыда оларды бағалаудың өзі біршама қиындық туғызып жатқаны аян.

Төртіншіден, еліміздегі тәжірибелік жұмыстарды талап ететін мамандықтар мен сабақтар өз деңгейінде өткізіліп жатқан жоқ.

Бесіншіден, оқытушы мен мектеп қабырғасын ешбір «balaпан» телеарнасы мен ондағы жүргізуші-мұғалімдер алмастыра алмайды.

Ары қарай баланың қоғаммен, өзге балалармен араласуы азайғанын, бұл оның дамуына кері әсер ететінін; баланы сабағына

дайындау кезінде сабырсыз ата-аналардың күш қолданып жатқанын, бұл еліміздегі отбасылық буллингтің өсіміне алып келетінін де айтуға болады.

Осылай салыстыра келгенде, еліміздің қашықтан оқыту жүйесіне толық дайын емес екенін ескере отырып, санамалаған артықшылықтар мен кемшіліктерді салыстыра келе, қашықтан оқудың кемшілігі мен олқылығы көп екенін нық сеніммен айта аламыз. Тек біз бұл қадамның мәжбүрлі түрде жасалып жатқанын, әлемнің де жағдайының осындай екенін айта отырып, ата-аналарды сабырға шықырғымыз келеді. Аз уақытта бәрі қалпына келіп, дәстүрлі оқу жүйесінің қалпына келеріне сенім білдіреміз.

«Егер кез келген адамның миы 7 жасар баланың миындай жұмыс істеп, ақпараттарды дәл солай жылдам әрі ешқашан ұмытпастай сақтай алар болса – кез келген адам ғалым болар еді», – дейді психологтар. Сондықтан бір тоқсандық, тіпті бір жылдық мектеп бағдарламасының өзін балаңыздың санасы оңай үйреніп аларсы сөзсіз. Тек оны еңбек етуге, ерінбеуге тәрбиелесеңіз жеткілікті.

Егер елімізде, әлемде болып жатқан жағдайларға перспективалық тұрғыдан қарайтын болсақ, біздің оқушылар мен студенттер қашықтан оқу тәжірибесін үйреніп жатыр. Яғни, олардың бойында осы қасиеті сақталар болса, олар болашақта онлайн курстар арқылы да маман болып немсе өзін жан-жақты дамыта алатын азаматқа айналып шыға келеді.

ТӨЛБАСЫ